

«Бекітемін»

ЖШС «Шалхар-Ата» б/б бақшасының

Меңгерушісі:  А.Медетова.



**«Тіл ғұмыры-ұлт ғұмыры»
«Құлыншақ» МАД тобы
2023-2024ж**

Тәрбиеші: Э.Усенбаева.

Тіл — ел тірегі

Білім беру саласы: «Коммуникация»

Ұйымдастырылған оқу қызметі: Сөйлеуді дамыту

Мақсаты: Мемлекеттік тілдің маңызы туралы түсінік беру. Сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, ұрпақтан-ұрпаққа мұра боп қалып жатқан ауыз әдебиетінің бай саласының бірі қазақ тілін ұрпақтың бойына сіңіре білуге және туған жерін сүйуге, қадірлеуге, бағалап мақтан етуге тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Қ.Р мемлекеттік рәміздері, шарлар, жалаушалар.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, сұрақ-жауап.

Шаттық шеңбері

Туған тілім-бабам тілі-өз тілім,

Туған тілім-анам тілі-өз тілім.

Туған тілім-далам тілі-өз тілім,

Туған тілім-адам тілі-өз тілім.

Туған тілде сыры терең жаным бар,

Туған тілде әнім менен сәнім бар.

Балалар шеңберге тұрып, педагогпен бірге бүгінгі күндеріне сәттілік тілейді.

-Балалар жылдың неше мезгілі бар?

-Жылдың төрт мезгілі бар.

-Жаз,күз көктем,қыс

— Қазір жылдың қай мезгілі.

— Қазір жылдың күз мезгілі.

— Күз мезгілінің айларын атаңдаршы?

— Күз мезгілінің айлары қыркүйек, қазан, қараша.

— Балалар бүгін бізде мереке. Қандай мереке білесіңдер ме?

— Бүгін 22 қыркүйек тіл мерекесі.

Ана тілі-адам болып жаралғаннан бері адамның жан дүниесінің айнасы, мәңгі құрметтейтін бәйтерегі.

Балалар біздер қай елде тұрамыз?

-Біздің елбасымыздың аты кім?

-Біз қай тілде сөйлейміз?

-Біздер қазақша тілде сөйлейміз. Біздің ұлтымыздың тілі ол-қазақ тілі.

— Тіл туралы қандай тақпақ білесіңдер?

Әліхан: Ана тілің-арың бұл
Ұятың боп тұр бетте,
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте

Жанерке: Ана тілім бал тілім
Өзің барда шалқыдым
Өз тілімде ән шырқап
Термелетіп балқыдым

Фариза: Ақыл ойын дананың
Ана тілден аламын
Ана тілім ардақты
Ақ сүтіндей анамның.

Аяла: Тілім барда мақтанам.
Тілім менің аппақ ән
Бірлігімді бүгінгі
Ана тілім сақтаған.

Азамат: Өсірген ой білімді
Сүйем туған тілімді
Мақсат етем әр сөздің
Мәнін терең білуді

Әбілхайыр: Ана тілді білмесем
Шат-шадыман күлмес ем
Жер бетінде сайраңдап
Қазақ болып жүрмес ем

Айлин: Ана тілің біліп қой
Еркіндігің, теңдігің
Ана тілің біліп қой
Мақтанышың, елдігің

-Жарайсыңдар балалар тіл туралы көптеген тақпақтар біледі екенсіңдер.

Ал, кім мақал-мәтел біледі?

Нұрасыл: Өнер алды қызыл-тіл.

Ернұр: Тіл қылыштан өткір.

Айсұлтан : Тіл тас жарады

Тас жармаса бас жарады.

Балалар осы айтқан мақал-мәтелдеріңді естеіңнен шығармай үнемі жаттап жүріңдер. Жарайсыңдар балалар!

Слайд:

Балалармен шығармашылық жұмыс:

Сергіту сәті:

Қорытындылау

Осымен біздің Тіл мерекесіне арналған оқу қызметіміз өз мәресіне жетті. Оқу қызметіне жақсы атсалысып қатыстыңыздар. Сұрақ-жауап арқылы оқу қызметін қорытындылау.

Бағалау және мадақтау.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: өз тілі туралы ұғынады, тілдің маңызды екенін біледі.

Игіреді: Өз тілінде анық еркін сөйлей алуды.

Меңгереді: өз елінің ұлттық құндылықтарын

